



CENTER FOR
ANALYTICAL
RESEARCH &
EVALUATION



Erasmus+

Jean Monnet Modules

**« ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ МЕН ҰЛТТЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ »**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференцияның
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-
практической конференции**

**«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ
ВЫСОКОГО КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И
НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific
and practical conference**

**«STATE AUDIT IN ENSURING THE HIGH QUALITY OF
LIFE OF THE POPULATION AND NATIONAL
SECURITY»**

АСТАНА 2023

УДК 657(069)
ББК 65.052.21
С 23

С Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference «State audit in ensuring the high quality of life of the population and national security» = «Халықтың өмір сүру сапасы мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Астана: - 497 б.

ISBN 978-601-337-851-0

Жинаққа мемлекеттік аудит органдары қызметкерлерінің, ғылыми қызметкерлердің, ғалым-экономистердің, қаржы саласы және мемлекеттік аудит мамандарының, профессор-оқытушылар құрамының және білім алушылардың халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of employees of state audit bodies, researchers, economists, specialists in the financial sector and state audit, faculty and students on topical issues of state audit in ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады работников органов государственного аудита, научных работников, ученых-экономистов, специалистов финансовой сферы и государственного аудита, профессорско-преподавательского состава и обучающихся по актуальным вопросам государственного аудита в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности

ISBN 978-601-337-851-0

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023

11. Тапскотт Д. Технология блокчейн: то, что движет финансовой революцией сегодня / Д. Тапскотт, А. Тапскотт ; пер. с англ. К. Шашковой, Е. Рахиной. – М. : Эксмо, 2018. – 448 с.

12. Цифровая повестка Евразийского экономического союза до 2025 г. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://docs.cntd.ru/document/555625953>.

13. Deep Shift-Technology Tipping Paint and Social Impact (2015) [Electronic Resource] // World Economic Forum : offic. site. – Access mode: http://www.weforum.org/docs/WEF Technological_Tipping_Paints_report_2015pdf#page=24. GAC15

14. Worldwide Semiannual Blockchain Spending Guide [Electronic Resource] // IDC Corporate USA : offic. site. – Access mode: https://www.idc.com/tracker/showproductinfo.jsp?prod_id=1842.

НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР АУДИТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ («ҚазТрансОйл» АҚ МЫСАЛЫНДА)

Мусахмет Камила Әділқызы

«Мемлекеттік аудит» БББ 3 курс студенті

Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: kmusahmetova@mail.ru

Аңдатпа. Бұл зерттеу жұмысында «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының шоғырландырылған мемлекеттік қаржылық есептілігінде негізгі құралдарына жүргізілген аудит нәтижелерін талдау берілген. Акционерлік қоғамның негізгі құралдарын 2019-2021 жылдар аралығындағы негізгі құралдарының және құрамының динамикасы көрсетілген. «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының қаржылық есептілігін талдау нәтижесінде қызметін жетілдіру мақсатында ұсынымдар берілді.

Түйінді сөздер: қаржылық есептілік, негізгі құралдар, мемлекеттік аудит, активтер.

Аннотация. В данной статье представлен анализ результатов проведенного аудита основных средств в консолидированной государственной финансовой отчетности акционерного общества "КазТрансОйл". Отражена динамика состава и основных средств акционерного общества за 2019-2021 гг. В результате анализа финансовой отчетности акционерного общества «КазТрансОйл» даны рекомендации по совершенствованию деятельности.

Ключевые слова: финансовая отчетность, основные средства, государственный аудит, активы.

Annotation. This article provides an analysis of the results of the audit of fixed assets of KazTransOil Joint Stock Company in the consolidated state financial statements. The dynamics of the composition of fixed assets and fixed assets of the Joint-Stock Company for the period 2019-2021 is shown. As a result of the analysis of

the financial statements of KazTransOil Joint Stock Company, recommendations were given to improve its activities.

Key words: financial statements, fixed assets, state audit, assets.

Мұнай тасымалдау, мұнай және мұнай өнімдерінің экспорты мен импорты мәселелерінде Қазақстан Республикасының мүдделерін сақтау мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 2 сәуірдегі №461 қаулысымен жарғылық капиталына мемлекет 100% қатысатын «ҚазТрансОйл» мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамы құрылған. 2001ж. «ҚазТрансОйл» ҰМТК» ЖАҚ («ҚазТрансОйл» ЖАҚ деп қайта аталған) акцияларының мемлекеттік пакеті Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 2 мамырдағы №591 қаулысына сәйкес құрылған «Мұнай және газ көлігі» ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамының жарғылық капиталына берілді. «ҚазТрансОйл» АҚ жай акцияларының «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға тиесілі 90%-ы тиесілі. «ҚазТрансОйл» АҚ-ның жалпы қызметі акционерлері үшін барынша көп пайда - даны қамтамасыз ету және магистральдық мұнай құбыры арқылы мұнай тасымалдау саласында мемлекеттің стратегиялық мүдделерін сақтау болып табылады[1].


Бұл зерттеу жұмысын зерделеу барысында «ҚазТрансОйл» АҚ-ның негізгі құралдарын аудитін қарастыратын боламын. Негізгі құралдар ұзақ кезең бойына қызмет ететін материалдық-заттай құндылықтардың жиынтығы болып табылады. Материалдық өндіріс саласында жұмыс істейтін негізгі құралдар – өндірістік негізгі құралдар оларға: ғимараттар, құрылыстар, көлік құралдары, жабдықтар мен басқа да еңбек құралдары, т.б. жатады.

Кесте-1

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2019-2021 жж аралығындағы негізгі құралдар активінің теңгерімдік құны, мың теңге

№	Атауы	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2019-2020 жж		2020-2021 жж	
					Өсу қарқыны, %	Өсім қарқыны, %	Өсу қарқыны, %	Өсім қарқыны, %
1	Негізгі құралдар	734 421 997	667 480 058	803 073 178	90,8	-9,1	120,3	20,3
Ескертпе [2] деректер негізінде автормен жасалған								

Сурет-1 де акционерлік ұйымның соңғы үш жылдағы негізгі құралдарының өзгерісін көрсек болады.



Сурет-1. «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2019-2021 жылдар аралығындағы негізгі құралдары, мың теңге

Кесте-1 де көріп отырған мәліметтерді ескере отырып, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның негізгі құралдарына талдау жасаймыз. Жалпы алғанда соңғы үш жыл аралығындағы негізгі құралдардың көрсеткіштері 2020 жылы азайып, 2021 жылы өлшемі қайта өскенін 1 суреттен көрсек болады. 2019-2020 жылдар аралығында негізгі құралдар көрсеткіші 66 941 939 мың теңгеге азайып, соған сәйкес өсу қарқыны 9,2 %-ға, өсім қарқыны -9,1-ге кеміген. 2020-2021 жылдар бойынша компанияның негізгі құралдарының көлемі 135 593 120 мың теңгеге өсіп, сәйкесінше өсім қарқыны 20%-ға өсіп, өсім қарқыны 20,3 %-ға артқан.

Кесте 2


«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2019-2021 жж аралығындағы негізгі құралдар көрсеткішінің теңгерімдік құны құрамы және құрылымы

№	Көрсеткіштер	2019 жыл, мың теңге	Үлесі %	2020 жыл, мың теңге	Үлесі %	2021 жыл, мың теңге	Үлесі %
1	Жер	23 949 576	3,2	25 675 555	3,8	26 148 404	3,2
2	Құбырлар	227 757 088	31	235 929 721	35,3	244 029 246	30,3
3	Көлік активтері	18 118 033	2,5	18 650 037	2,7	18 037 125	2,4
4	Ғимараттар мен құрылыстар	85 200 731	11,6	85 467 027	13	84 747 122	10,5

5	Машиналар және жабдық	155 519 192	21,2	142 241 640	21,3	173 966 557	21,9
6	Технологиялық мұнай	166 121 927	22,6	100 345 811	15	201 418 200	25
7	Өзге де	8 491 791	1,1	5 968 655	0,9	5 091 705	0,6
8	Аяқталмаған құрылыс	49 263 659	6,8	53 201 612	8	49 634 819	6,1
9	Жиыны	734 421 997	100	667 480 058	100	803 073 178	100
Ескертпе [3] дерек негізінде автормен жасалған							

Негізгі құралдардың жалпы жиыны бойынша көрсеткіштерінің үш жылдық негізгі құралдарының динамикасын 2-суреттен көре аламыз.

Сурет-2 де көріп отырған мәліметтерге сүйене отырып, «ҚазТрансОйл» АҚ-ның негізгі құралдарының өзгерісін көрсек болады. Осы суретке қарап ауқымды өзгеріс, технологиялық мұнайдың 2021 жылғы мөлшерінің көлемінің өзгерісі екенін көреміз. 2021 жылы технологиялық мұнай шамамен 50%-ға артқан, яғни өлшемі 101 072 389 мың теңгеге өскен. Құбырларға келсек, жылдан жылға көлемінің артып келе жатқанын көреміз. 2021 жылы жалпы көлемі 8 099 525 мың теңгеге өскен. Келесі өзгеріс машиналар мен жабдықтар 2020 жылы көлемі 13 277 552 мың теңгеге кеміп, 2021 жылы көрсеткіш қайта өскен.




Сурет 2. «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2019-2021 жылдар аралығындағы негізгі құралдары, мың теңге

2-кесте мен 2-суреттегі ақпараттардың негізінде «ҚазТрансОйл» АҚ-ның негізгі құралдарының жекелеген бөліктеріне сәйкес ауқымды өзгерісті «Технологиялық мұнай»-дың өзгерісінен байқаймыз. Себебі 2021 жылы

алдыңғы жылмен салыстырғанда екі есе артқан. Бұл жалпы негізгі құралдардың өзгерісіне тікелей әсер етіп отыр. Сонымен қатар «Машиналар және жабдықтар» соңғы екі жылда шамамен 20%-ға артты. Бұл да компания үшін едәуір өзгеріс болып отыр.

Негізгі құралдардың жалпы жиыны бойынша көрсеткіштерінің үш жылдық үлесінің динамикасын 3-суреттен көре аламыз.



Сурет-3. «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2019-2021 жылдар аралығындағы негізгі құралдарының динамикасы, %

2021 және 2020 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аяқталмаған құрылыс негізінен келесі өндірістік объектілерді қамтиды:

- магистралды мұнай құбыры учаскілерін ауыстыру;
- магистралды суағызғысында құбыр учаскілерін ауыстыру;
- магистральдық мұнай және суағызғысында құбыры объектілерінің (сорғы станциялары, трасса бойындағы жолдары, байланыс желілері, электрмен жабдықтау, автоматика жүйесі және басқалары) ауыстыруы, қайта құруы және құрылысы.

2021 дың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: толығымен амортизацияланған, бірақ әлі күнге дейін қолданыстағы негізгі құралдардың жалпы теңгерімдік құны мен тиісті жинақталған амортизациясы 3.540.654 мың теңгені құрады (2020 жылғы 31 желтоқсанға: 3.537.132 мың теңге); аяқталмаған құрылыс 4.187.311 мың теңге көлемінде (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 3.667.280 мың теңге) құрылыс жұмыстары үшін сатып алынған материалдар мен босалқы бөлшектерді қамтиды.

2021 жылдың сәуірінде магистралдық суағызғысы, суағызғы құрылысы бойынша ынтымақтастық туралы келісімі аясында, су тасымалдау қызметін тұтынушының қаражаты есебінен сомасы 24.987.181 мың теңгеге салынған Құлсары-Теңгіз техникалық суының жаңа суағызғысын (бірінші кезек) ақысыз қабылдады.

31 желтоқсанда аяқталған 2021 жыл үшін аяқталмаған құрылыс құнына капиталдандырылған тозу сомасы 20.337 мың теңгені құрады (2020 жыл үшін: 22.253 мың теңге)

Құбырдағы мұнай көлемі 2021 жылғы 31 желтоқсанға 2.628 мың тоннаны құрады (2020 жылғы 31 желтоқсан: 2.618 мың тонна).

2021 жылдың соңында жүргізілген мұнайды түгендеу нәтижелері бойынша 16.029 тонна мөлшеріндегі артық (2020 жылға: 12.857 тонна) және 5.730 тонна мөлшеріндегі жетіспеушілік (2020 жылға: 176 тонна).

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша салықтар бойынша резервтерге 976.300 мың теңге сомасында БНТ резервтері кіреді, мұнай өнімдерін түгендеу нәтижелері бойынша анықталған сәйкессіздіктердің нәтижелері бойынша есептелген, сондай-ақ салықтық тексеру нәтижелері бойынша есептелген 433.095 мың теңге сомасындағы БМП резервтері 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: тиісінше 260.543 мың теңге және 172.152 мың теңге).

Қорытындылай келе, зерттеу жұмысында «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2019-2021 жылдар аралығындағы негізгі құралдарының өзгерісін талдадық. Компанияда негізгі құралдар бойынша 2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда кемігінен байқаймыз, сәйкесінше өсу қарқыны 9,2%-ға азайған. 2021 жылы көрсеткіш қайта көтеріліп, өлшемі 20,3% ға көтерілген.

Осылайша, біздің «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының қаржылық есептілігінің негізгі құралдарына талдауымыз аяқталды. Нәтижесінде негізгі құралдардың маңызы бар екенін және оның мұнай-газ секторындағы активтердің маңызды бөлігін құрайтынын анықтадық. Жалпы компанияның жағдайын жақсы деп бағалауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «ҚазТрансОйл» АҚ-ның ресми сайты [Электрондық ресурс] - <https://kaztransoil.kz/ru/>

2. Мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың тізімі [Электрондық ресурс] - <https://gr5.gosreestr.kz/p/ru/gr-search/search-objects>

3. «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2020 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігі [Электрондық ресурс] - 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін «ҚазТрансОйл» АҚ жеке қаржылық есептілік ([Жүктеу](#) | [Жаңа терезеде қарау](#))

4. «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2021 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігі [Электрондық ресурс] - 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін «ҚазТрансОйл» АҚ шоғырландырылған қаржылық есептілік, тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен ([Жүктеу](#) | [Жаңа терезеде қарау](#))

ОСОБЕННОСТИ ПРОВЕДЕНИЯ АУДИТА АО «ЛОТТЕ РАХАТ»

Нагурбекова А.С.

студент 4 курса ОП «Бухгалтерский учет, анализ и аудит»

Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева,

город Астана, Республика Казахстан

E-mail: aiya.nagurbekova@gmail.com

Научный руководитель – Бекболсынова А.С. ст.преподаватель